



БҮЙРЫҚ

01.09.2023

Теміртау қаласы
Мемлекеттік білім беру мекемелерінде сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы ұйымдасу және ақшалай
қаражаттарды жинауға тыйым салу туралы

ПРИКАЗ

№ 284 Н/В

город Темиртау

«Теміртау қаласының білім беру бөлімі» ММ-нің 2017 жылғы 02 қыркүйек № 263 бұйрығы мен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын орындау негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Гимназияда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар ұйымдастырылсын:

1) Бірінші басшының жеке қызығушылығы мен қызметтік өкілдігі арасында қарама-қайшылықтың пайда болуын болдырмау, жеке қызығушылығы қызметтік өкілдігін асыра пайдалануға әкеліп соқтыруы мүмкін, соның ішінде білім беру үрдісіне қатысушылардан сыйлықтар алу, жақын туыстарын жұмысқа қабылдау, мәжбүр болмаған жағдайда (аталған орынға маман болмаған жағдайда), оку жүктемелерін бөлу кезінде басқалардан артық бөліп-жармау және т.б.

2) Сеніп тапсырылған мекеменің басшыларының, педагогтар мен басқа да жұмысшылардың өкілеттілігі нақтыланып, қызметтік нұсқаулықтарда көрсетілуі қажет;

3) Төрешілдік көрсетіп және қызметтік өкілеттілігі барысында заңсыз шешім қабылдағаны үшін педагогтар мен басқа да жұмысшылардың жеке жауапкершілігін күштейту;

4) Мемлекеттік қызмет көрсету және жеке немесе занды тұлғалардың өтініштерін қарастыру мен қабылдаудың әкімшілік рәсімдерінің ретімен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

5) Білім беру үрдісіне қатысушыларға қатысты, сонымен қатар тегін тамақтану, үйде білім алу, білім беру мекемелерінде білім алу, сыныптан (топтан) сыныпқа (топқа), мектептен мектепке ауысу кезінде, мектепке (гимназия, лицей), балабақшаға қабылдану үшін қаржылай және басқа да күштеп алу деректерін болдырмау;

6) Сынып жетекшілері, басқа педагогтар мен оларға теңестірілген тұлғаларға, білім беру мекемесінің басқа да жұмысшыларына түбебейлі тыйым салынын: ақшалай қаржы жинау немесе басқа да тауарлық-материалдық құндылықтарды оқушылар мен тәрбиленушілердің занды өкілдерінен алу, соның ішінде ата-аналар комитеті тарапынан құндылығы 2 МРП асатын сыйлықтар мен алкогольді ішімдіктерді қабылдауды жүзеге асыруға; білім беру үрдісіне қатысушылардан күштеп қаржы жинау, соның ішінде ата-аналар комитеті тарапынан жиналып жатқан ақшалай қаржыны немесе тауарлық-материалдық құндылықтарды тапсырмаганы жөнінде шағымдарды айтуда;

001703

- 7) Кайырымдылық корына салу үшін ата-аналар бірлестігі, білім беру мекемелерінің жұмысшылары, қамқорлық көрсету кенестері мен қорлар тарапынан окушылар мен тәрбиеленушілердің занды өкілдерінен ақшалай қаржыны беруге мәжбүрлеуді болдырмау;
- 8) Ата-аналар комитетінің (камқорлық көрсету кенестері, қоғамдық қорлар) жұмысын бақылауга алу, сонымен қатар окушылар мен тәрбиеленушілердің занды өкілдерінен жиналатын қаржының міндепті мөлшерін белгілеуге жол бермеу;
- 9) Окушылар мен тәрбиеленушілердің занды тұлғалары демеушілік көмек көрсету ерікті іс екенін және ол міндепті іске жатпайтынын білулері керек. Демеушілік көмек көрсетілген жағдайда ақша жинаумен ата-аналар айналысатынын, педагогтар немесе басқа да білім беру мекемесінің қызметкерлері ата-аналар бірлестігінен қаржылай және тауарлық-материалдық жағынан көмек көрсетуін сұрауга құқығы жоқ екенін айтуда қажет;
- 10) Ақылы қызмет көрсетудің ретін сактауды бақылауга алу, қосымша ақылы білім беру қызметі туралы толық және дұрыс ақпарат таратылуын қамтамасыз ету қажет, сонымен қатар ақылы қызмет көрсетудің әр түрі окушылар мен тәрбиеленушілердің занды тұлғалары үшін қолжетімді болуы шарт;
- 11) Педагогтар мен басқа да жұмысшылардан мекеменің түрлі қажеттіліктері үшін ақшалай қаржы жинауына жол бермеу;
- 12) Тоқсан сайын окушылар мен тәрбиеленушілердің занды тұлғаларынан білім беру мекемесінің түрлі қажеттіліктері үшін ақшалай қаржының жиналған-жиналмаганы жөнінде жасырын сұрастыру жүргізуі қажет;
- 13) Окушылармен бірге:
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта тақырыптық тренингтер (орта және жоғары сыныптар) (караша);
үздік эссе (жоғары сынып) және суреттер (төменгі сынып) шығармашылық байқауы, ортаңғы сыныптар өз таңдаулары бойынша «Сыйбайлас жемқорлық туралы не білесің?», «Сыйбайлас жемқорлықты қалай женуге болады?» (казан-желтоксан), «Сіз сыйбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келдіңіз бе? Оны қалай женуге болады?» тақырытарында сынып сағаттары мен дәрістер (жоғары сыныптар) (сауір);
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы интерактивті мастер-кластар, тренингтер (бітіруші сынып) (сәуір-мамыр);
Окушылардың занды өкілдері мен құқық қорғау органдарының катысусымен откізу керек;
- 14) Теміртау қаласының Қоғамдық Кенесі, Теміртау филиалының жаңындағы «АМАНАТ» партиясының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Қоғамдық Кенесінің өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шақыру арқылы жемқорлыққа қарсы бағытта педагогтер мен басқа да жұмысшылар арасында сабактар, дөңгелек үстелдер, семинарлар откізу;
- 15) Аталған бүйрек еңбек үжымы, окушылар мен тәрбиеленушілердің занды өкілдеріне, жоғары сынып окушыларына жеткізілсін.
16. Бүйректың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Асадовага жүктелсін.

Директор



К. Нургалиева